

Аңырақай шайқасының 270-жылдығын мерекелеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 тамыз N 1221

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 2000 жылдың күзінде Аңырақай шайқасының 270 жылдығына арналған іс-шараларды өткізу туралы ұсыныстары қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Алматы қаласында "Аңырақай шайқасы және оның қазақ халқының жоңғарлармен отан соғысындағы тарихи маңызы" республикалық ғылыми-теориялық конференциясының өткізілуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім м и н и с т р л і г і :

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесіп "Аңырақай шайқасы және оның қазақ халқының жоңғарлармен отан соғысындағы тарихи маңызы" республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағының жеке басылым ретінде шығарылуын, сондай-ақ Аңырақай шайқасы туралы басқа да басылымдардың басып шығарылуын қамтамасыз етсін;

2) қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық соғысының тарихи рөлі және Аңырақай шайқасының 270 жылдығының тойлануы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Алматы облысының әкімі белгіленген тәртіппен:

1) Алматы облысының аумағында Аңырақай шайқасын еске алу оба тасының о р н а т ы л у ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп бабаларымыздың жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық соғысына және Аңырақай шайқасының 270 жылдығына арналған тойдың іс-шараларының өткізілуін қамтамасыз етсін.

5. Аңырақай шайқасының 270 жылдығын тойлауға арналған той салтанатын өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға 2000 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге а с ы р ы л а т ы н ы а й қ ы н д а л с ы н .

6. "1999 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңде республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы

P990344_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 11, 106-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен мақұлданған, 1999 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңде республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлардың тізбесі мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Аңырақай 270 Министрлер Тойға Қазақстан 2000 шайқасы мен әкімдердің арналған Республикасы қыркүйек, тиісті бұйрық. іс-шаралар Мәдениет, қазан тары мен шешім. кешені ақпарат және дері қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Алматы және Жамбыл облыстары, Алматы қаласының әкімдері"

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК